аудандық қоғамдық - саяси газет
районная общественно - политическая газета

Алтын астық

9 қараша - ноябрь 2026 год eginredakciya.kz № 44(687)

Облыс әкімі М.М.Ахметжановтың Егіндікөл ауданы тұрғындарымен кездесуі



Өңір басшысы аудан орталығы мен ауылдық елді мекендерде болған өзгерістерге де тоқталды. Егіндікөл ауылында жалпы ауданы 2 мың шаршы метрді құрайтын сегіз көше жөнделіп, 32 жарықтандыру бағанасы мен бағдаршам орнатылды, Жеңіс көшесінің бойына жаяу жүргіншілер жолы салынды. Сонымен қатар 35 жылда алғаш рет Егіндікөл мен Спиридоновка арасындағы автобус қатынасы қайта жанданды. Қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Спиридоновкада жағажай аймағы абаттандырылса, Егіндікөлде су жағасында заманауи демалыс аймағын құру жұмыстары жүргізілуде. Жастар саябағында футбол алаңы жаңартылып, жағажай волейболына арналған алаң жабдықталды. Сондай-ақ екі көппәтерлі тұрғын үйдің қасбеті жөнделді.

Жылумен жабдықтау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Биыл Егіндікөл ауылының қазандығын жаңғыртуға облыстық бюджеттен 65 млн теңге бөлінді. Тозығы жеткен үш қазандықтың орнына екі жаңа қазандық орнатылып, нысанның қуаты екі еседен астамға – сағатына 1,2 Гкал-





дан 2,5 Гкал-ға дейін артты. Бұдан бөлек, 600 метр жылу желісін жөндеу және төсеу жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде колледж бен салық қызметінің ғимараттары орталық жылу жүйесіне қосылды.

Тұрғын үй саласындағы маңызды нәтижелердің бірі – өткен жылы жалпы 32 пәтерден тұратын тоғыз үйдің құрылысының аяқталуы. Жаңа баспанаға 21 отбасы ие болды. Қазіргі уақытта бөлінбеген 11 пәтер бар. Оларды беру мәселесі Отбасы банктің облыстық филиалының өкілімен талқыланды.

Ауданның дамуында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі де маңызды рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қолдауымен аудандық ауруханаңың педиатрия бөлімшесі жөнделді. Сонымен қатар Буревестник ауылында демеушілердің қаражатына медициналық пункт пен ауыл әкімдігі орналасатын әкімшілік ғимарат салынып жатыр. Кездесу барысында өткен жылғы тұрғындармен жүздесу қорытындысы бойынша берілген тапсырмалардың орындалуы да қаралды. Атап айтқанда, Бауманское ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункті кадрмен қамтамасыз ету мәселесі толық шешілді, ал жедел жәрдем көлігі жөндеуден кейін қайтадан қалыпты жұмыс істеп тұр. Буревестник ауылында антенна-діңгек құрылымы орнатылып, тұрғындар ұялы байланыс пен интернетке қол жеткізді. Кездесудің едәуір бөлігі агроөнеркәсіп кешенін дамытуға арналды. Күрделі ауа райы мен қуаңшылыққа қарамастан, аудан диқандары 292 мың тоннадан астам астық жинады. Орташа өнімділік гектарына 10,5 центнерді құрады. Бұл ретте жиналған өнімнің шамамен 90%-ы үшінші класты бидай талаптарына сай келеді, ал 70%-ы ақуыз мөлшері жоғары Hi-Pro бидайы санатына жатады.

Егіс алқаптарын әртараптандыруда да оң өзгерістер байқалады. Соңғы үш жылда майлы дақылдар алқабы бес есе ұлғайып, 2023 жылғы 4,7 мың гектардан биыл 23 мың гектарға жетті. Жалпы жиналған өнім көлемі 14,9 мың тоннаны құрады.

Өңір басшысы мал шаруашылығын одан әрі дамытудың және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге инвестиция тартудың қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ Егіндікөл ауданының ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту әлеуеті сөз болды. «Береке» бағдарламасы аясында «Қоржынкөл-А» шаруашылығы 1,1 млрд теңгеге 500 бастан астам ірі қара сатып алуды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта құжаттар топтамасы қарауға жіберілген. Сонымен бірге Марат Ахметжанов мемлекеттік қолдау шараларын белсендірек пайдалану, фермерлік шаруашылықтардың кооперациясын дамыту, мал басын көбейту және өнімді тікелей өңірде өңдеуге жағдай жасау қажеттігіне назар аударды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасын дамыту бойынша аудан әкімдігіне нақты тапсырмалар берілді. Атап айтқанда, әр ауылдың экономикалық әлеуетін талдап, келешегі бар жобаларды, қаржыландыруға қажеттілікті, құрылатын жұмыс орындарының болжамды санын және өнімді өткізу мүмкіндіктерін айқындау қажет.

www.gov.kz

ӘДІЛЕТ

Отбасы әл-ауқаты — аудан негізі!

Егіндікөл ауданының құрметті тұрғындары!
Менің атым-жөнім Шинтемиров Қабыкен Ағибайұлы. Менің өмірім мен еңбек жолым ауыл шаруашылығымен және ауылдық аумақтарды дамытумен тығыз байланысты. Көп жылғы жұмысым барысында аграрлық саладағы, жер қатынастарындағы және аудандық басқарудағы практикалық тәжірибе жинадым.

Ауылдастарымның күнделікті өмір сүріп отырған мәселелері, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің проблемалары және аудан тұрғындарының күнделікті уайымдары маған жақсы таныс. Менің қызметімнің басты мақсаты — Егіндікөл ауданы халқының өмір сүру сапасын арттыруға, №10 сайлау округі тұрғындарының мүддесін қорғауға және жергілікті маңызы бар өзекті мәселелерді жүйелі шешуге жәрдемдесу.

Аудан дамуы әрбір отбасының амандығынан, сапалы коммуналдық қызметтердің қолжетімділігінен, абаттандырылған елді мекендерден, ауыл шаруашылығының тұрақты жұмысынан және ауылда лайықты өмір сүріп, еңбек етуге мүмкіндік жасаудан басталатынына сенімдімін. Маған сеніп, аудандық мәслихат депутаты етіп сайласаңыздар, жұмысымда тұрғындардың мүддесін, ашықтық, жауапкершілік және жүйелілік қағидаттарын басшылыққа аламын.

Құрметпен, Қабыкен Шинтемиров

2026-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Көптеген мәселе бюджеттік қаржыландыруды және мемлекеттік органдардың қатысуын талап ететінін түсінемін, сондықтан жүйелі әрекет етемін. Мені депутат етіп сайласаңыздар, мына міндеттерді шешуге қол жеткіземін:

1.АУЫЛДАРДЫ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ

Аудандық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекен көшелерін кезең-кезеңімен жөндеу, бірінші кезекте жөндеуді қажет ететін учаскелерді айқындау; көше жарығын жақсарту; су құбыры желілерінің сенімділігі мен ауыз су сапасы мәселелерін шешу. Егіндікөл ауылында бассейні бар спорт кешенін салуды қаржыландыру және ауыл халқы үшін блоктық-модульдік қазандықтар орнату.

2. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ АУДАН ЭКОНОМИКАСЫН ҚОЛДАУ

Ауыл шаруашылығы өндірісіне және өңдеуге инвестиция тарту; ет және сүт бағытындағы мал шаруашылығын дамыту; астық пен өзге де өнімді сақтау, өңдеу және өткізу мүмкіндіктерін кеңейту; мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігі; шаруашылықтар мен жергілікті кәсіпкерлермен ынтымақтастық; орманды қалпына келтіру; жерді ұтымды пайдалану; заманауи агротехнологияларды енгізу және топырақ құнарлылығын арттыру.

3. ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ ЛАЙЫҚТЫ ТАБЫС

Жаңа жұмыс орындарын ашатын инвестициялық жобаларды ілгерілету; жергілікті кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы кооперациясын қолдау; жастарды жұмыспен қамту және білікті мамандарды ауданда ұстап қалу үшін жағдай жасау.

4. АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Аудан орталығында тұрақты ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу; жергілікті өндірушілердің өнімін артық делдалсыз өткізу; шаруашылықтар, көтерме жеткізушілер және дүкендер арасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бойынша өзара іс-қимыл; тұрғындарды жәрмеңкелер мен бағалар туралы хабардар ету.

5. БІЛІМ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, СПОРТ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Білім беру, денсаулық сақтау және спорт ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту; жас педагогтерді, медицина қызметкерлерін және жаттықтырушыларды тарту және ұстап қалу, олардың тұрғын үй мәселелерін қарау; балалар және бұқаралық спортты, жастардың мазмұнды демалысын дамыту.

6. БИЛІК АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДАР МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ

Сайлаушылармен тұрақты кездесулер; азаматтардың өтініштерін қарау; депутаттық жолдаулар мен сауалдар; аудандық бюджетті және даму бағдарламаларын талқылауға қатысу; шешімдердің орындалуына депутаттық бақылау; тұрғындарды жұмыс нәтижелері туралы хабардар ету.
Бұл міндеттерді қолданыстағы мемлекеттік және өңірлік бағдарламалармен, халықтың қажеттіліктерімен және аудан мүмкіндіктерімен байланыстырамын.

Сіздің пікіріңіз — мен үшін маңызды!

Сіздің сеніміңіз — нәтижеге жауапкершілік!

Әрбір шешім — туған өлкенің игілігі үшін!



Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаттығына «ӘДІЛЕТ» партиясынан кандидат
ШЫНТЕМІРОВ ҚАБЫКЕН АҒЫБАЙҰЛЫНЫҢ
2026-2031 жылдарға арналған
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
Сайлау округі № 10

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
на 2026-2031 годы
кандидата в депутаты Егиндыкольского районного маслихата
ШИНТЕМИРОВА КАБЫКЕНА АГИБАЕВИЧА
Избирательный округ № 10

Благополучие семьи — основа района!

Уважаемые жители Егиндыкольского района!
Меня зовут Шинтемиров Кабыкен Агибаевич. Моя жизнь и трудовая деятельность неразрывно связаны с сельским хозяйством и развитием сельских территорий. За годы работы я получил практический опыт в аграрной сфере, земельных отношениях и районном управлении.

Мне хорошо знакомы вопросы, которыми живут наши сельчане, проблемы сельскохозяйственных товаропроизводителей и повседневные заботы жителей района. Главная цель моей деятельности — содействовать повышению качества жизни населения Егиндыкольского района, защите интересов жителей избирательного округа № 10 и последовательному решению наиболее актуальных вопросов местного значения.

Убеждён, что развитие района начинается с благополучия каждой семьи, доступности качественных коммунальных услуг, благоустроенных населённых пунктов, устойчивой работы сельского хозяйства и создания возможностей для достойной жизни и труда на селе. Оказав мне своё доверие и избрав депутатом районного маслихата, я обязуюсь руководствоваться интересами жителей, принципами открытости, ответственности и последовательности.

С уважением, Кабыкен Шинтемиров

КОНКРЕТНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА НА 2026-2031 ГОДЫ

Понимаю, что многие вопросы требуют бюджетного финансирования, проектной подготовки и участия государственных органов, поэтому буду действовать последовательно. Выбирайте меня депутатом, и я буду добиваться решения следующих задач:

1.РАЗВИТИЕ СЁЛ И ИНФРАСТРУКТУРА

Поэтапный ремонт дорог районного и местного значения и улиц населённых пунктов с определением участков первоочередного ремонта; улучшение уличного освещения; решение проблем надёжности водопроводных сетей и качества питьевой воды. Финансирование строительства спортивного комплекса с бассейном и установка блочно-модульных котельных для населения села Егиндыколь.

2. ПОДДЕРЖКА СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЭКОНОМИКИ РАЙОНА

Привлечение инвестиций в сельхозпроизводство и переработку; развитие мясного и молочного животноводства; расширение возможностей хранения, переработки и реализации зерна и другой продукции; доступность мер государственной поддержки; сотрудничество хозяйств и местных предпринимателей; воспроизводство лесов; рациональное использование земель; внедрение современных агротехнологий и повышение плодородия почв.

3. РАБОЧИЕ МЕСТА И ДОСТОЙНЫЕ ДОХОДЫ

Продвижение инвестиционных проектов, создающих новые рабочие места; поддержка местного предпринимательства и сельскохозяйственной кооперации; создание условий для трудоустройства молодёжи и закрепления квалифицированных специалистов в районе.

4. ДОСТУПНОСТЬ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ

Регулярные сельскохозяйственные ярмарки в районном центре; реализация продукции местных производителей без излишних посреднических затрат; взаимодействие хозяйств, оптовых поставщиков и магазинов по социально значимым продуктам; информирование жителей о ярмарках, ассортименте и ценах.

5. ОБРАЗОВАНИЕ, ЗДРАВООХРАНЕНИЕ, СПОРТ И МОЛОДЁЖЬ

Улучшение материально-технической базы организаций образования, здравоохранения и спорта; привлечение и закрепление молодых педагогов, медиков и тренеров, рассмотрение их жилищных вопросов; развитие детского и массового спорта и содержательного досуга молодёжи.

6. ОТКРЫТОСТЬ ВЛАСТИ И ЗАЩИТА ИНТЕРЕСОВ ЖИТЕЛЕЙ

Регулярные встречи с избирателями; рассмотрение обращений граждан; депутатские обращения и запросы; участие в обсуждении районного бюджета и программ развития; депутатский контроль за исполнением решений; информирование жителей о результатах работы.

Реализацию этих задач буду связывать с действующими государственными и региональными программами, реальными потребностями населения и финансовыми возможностями района.

Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауын өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.
Оплачено из средств республиканского бюджета, выделенных на проведение выборов депутатов маслихатов всех уровней

ӘДІЛЕТ

Нәтиже адамдардың өмірінен көрінеді!

Құрметті сайлаушылар!
Менің аты-жөнім Топоркова Ольга Анатольевна. Мен Ақмола облысы Целиноград ауданының Балқашино ауылында туып-өстім.
Көкшетау қаласында жоғары экономикалық білім алғаннан кейін, Краснознамен ауданындағы балабақшада еңбек жолымды бастадым. Егіндікөлде 1987 жылдан бері тұрамын. 20 жылдан астам уақыт партия ұйымында қызмет етіп, қатардағы қызметкерден партияның аумақтық филиалының басшысына дейінгі жолдан өттім, қоғамдық-саяси қызметте және халықпен жұмыс істеуде едәуір тәжірибе жинақтадым. Менің құралдарым — депутаттық сауалдар, бюджет бойынша ұсыныстар, комиссиялардағы жұмыс және мәслихат шешімдерінің орындалуын бақылау. Қаржыландыруды қажет ететін жобалар бойынша құны мен қаражат көзін негіздей отырып, оларды тиісті бағдарламаларға енгізуге қол жеткіземін.

Құрметпен, Ольга Топоркова

2026-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Басым бағыттарым — жолдар, сенімді сумен жабдықтау, қолжетімді медицина және ауылдарымыздағы жұмыс орындары. Мені депутат етіп сайлаңыздар, мен мынадай міндеттердің орындалуына қол жеткіземін:

1.ЖОЛДАР ЖӘНЕ КӨЛІК ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ
Егіндікөл ауылындағы жолдарды сапалы жөндеу: жұмыс кезектілігі мен мерзімдері көрсетілген учаскелердің ашық тізбесі, мердігерлердің кепілдігін бақылау және қыста жолдарды уақтылы тазалау.

2.АУЫЗ СУ ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЛАР
Сенімді сумен жабдықтау, ауыз судың сапасы, апатты желілерді жөндеу, көше жарығы және коммуналдық қызметтерді қысқа дайындау. Басымдықтар — тұрғындармен бірлесіп айқындалады.

3. ҚОЛЖЕТІМДІ МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ
Округ ауылдарын медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету, медпункттерді жарақтандыру, мамандардың ауылдарға шығуы, ауыл мамандарына тұрғын үй. Ерекше назар — мүгедектігі бар адамдарға және жалғызбасты қарт тұрғындарға.

4. БІЛІМ, СПОРТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ
Мектептерде қауіпсіз жағдай, сапалы тамақ және ауыз су; спорт секциялары мен үйірмелер, ауылдық клубтарды жарақтандыру, жастарды кәсіби бағдарлау және практикалық оқыту.

5. БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ БӘСЕКЕ
Жергілікті бизнесті, фермерлікті және қайта өңдеуді қолдау, кредиттер, субсидиялар мен гранттар бойынша кеңес беру. Тең жағдай, заңдылық, кәсіпкерлерді заңсыз қысымнан қорғау. Басымдық — тұрақты жұмыс орындары.

6. ЖЕР, ЖАЙЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА
Жер рәсімдерінің ашықтығы, округ тұрғындарына жайылымдар мен шабындықтар, су айдындарын сақтау, стихиялық қоқыс үйінділерін жою, су басудың алдын алу.

7. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
«Цифрлық қауіпсіз ауыл» жобасын кезең-кезеңімен дамыту: қауіпті учаскелерді жарықтандыру, полицияға қосылған бейнебақылау. Ұялы байланыс пен интернетті жақсарту.

8. АШЫҚ БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ
Бюджет шығыстары — тұрғындармен келісілген бірінші кезектегі міндеттерге; маңызды объектілер бойынша құны, мердігері, мерзімдері және жұмыс нәтижелері туралы ашық ақпарат.
Алғашқы 100 күн: округтің барлық елді мекендерінде кездесулер, бірінші кезектегі мәселелер тізбесі, алғашқы депутаттық сауалдар. Міндеттенемін: жеке қабылдауды айына кемінде бір рет жүргізуге, жұмыс барысы туралы тоқсан сайын ақпарат беруге, жылына кемінде екі рет ашық есеп беруге.

Сіздің пікіріңіз — мен үшін маңызды!

Сіздің сеніміңіз — нәтижеге жауапкершілік!

Әрбір шешім — туған өлкенің игілігі үшін!



Егіндікөл аудандық
мәслихатының
депутаттығына
«ӘДІЛЕТ» партиясынан кандидат
ТОПОРКОВА
ОЛЬГА АНАТОЛЬЕВНА
2026-2031 жылдарға арналған
САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ
Егіндікөл сайлау округі № 8

ПРЕДВЫБОРНАЯ
ПРОГРАММА
на 2026-2031 годы
кандидата в депутаты
Егиндыкольского районного
маслихата
от партии «ӘДІЛЕТ»
ТОПОРКОВОЙ
ОЛЬГИ АНАТОЛЬЕВНЫ
Егиндыкольский
избирательный округ № 8

Результат виден в жизни людей!

Уважаемые избиратели!
Меня зовут Топоркова Ольга Анатольевна. Я родилась и выросла в селе Балкашино Целиноградского района Акмолинской области.
Получив высшее экономическое образование в городе Кокшетау, начала трудовую деятельность в детском саду Краснознаменског=о района. В Егиндыколе я проживаю с 1987 года. Более 20 лет посвятила работе в партийной организации, накопив значительный опыт в общественно-политической деятельности и взаимодействии с населением, пройдя путь от рядового сотрудника до руководителя территори ального филиала партии.
Мои инструменты — депутатские запросы, предложения по бюджету, работа в комиссиях и контроль исполнения решений маслихата. По проектам, требующим финансирования, буду добиваться включения в соответствующие программы с обоснованием стоимости и источника средств.

С уважением, Ольга Топоркова

КОНКРЕТНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА НА 2026-2031 ГОДЫ

Мои приоритеты — дороги, надёжное водоснабжение, доступная медицина и рабочие места в наших сёлах. Выбирайте меня депутатом, и я буду добиваться реализации следующих задач:

1.ДОРОГИ И ТРАНСПОРТНАЯ ДОСТУПНОСТЬ
Качественный ремонт дорог в с. Егиндыколь: открытый перечень участков с очерёдностью и сроками работ, контроль гарантий подрядчиков и своевременная расчистка дорог зимой.

2. ПИТЬЕВАЯ ВОДА И КОММУНАЛЬНЫЕ УСЛОВИЯ
Надёжное водоснабжение, качество питьевой воды, ремонт аварийных сетей, уличное освещение и подготовка коммунальных служб к зиме. Приоритеты — вместе с жителями.

3. ДОСТУПНАЯ МЕДИЦИНА И СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА
Обеспечение сёл округа медицинскими работниками, оснащение медпунктов, выезды специалистов, жильё для сельских специалистов. Особое внимание — людям с инвалидностью и одиноким пожилым жителям.

4. ОБРАЗОВАНИЕ, СПОРТ И КУЛЬТУРА
Безопасные условия, качественное питание и питьевая вода в школах; спортивные секции и кружки, оснащение сельских клубов, профориентация и практическое обучение молодёжи.

5. ПОДДЕРЖКА БИЗНЕСА И ЗДОРОВАЯ КОНКУРЕНЦИЯ
Поддержка местного бизнеса, фермерства и переработки, консультации по кредитам, субсидиям и грантам. Равные условия, законность, защита предпринимателей от незаконного давления. Приоритет — постоянные рабочие места.

6. ЗЕМЛЯ, ПАСТБИЩА И ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА
Прозрачные земельные процедуры, пастбища и сенокосы для жителей округа, сохранение водоёмов, ликвидация стихийных свалок, предотвращение подтоплений.

7. БЕЗОПАСНОСТЬ И СВЯЗЬ
Поэтапное развитие проекта «Цифровое безопасное село»: освещение опасных участков, видеонаблюдение с подключением к полиции. Улучшение мобильной связи и интернета.

8. ОТКРЫТЫЙ БЮДЖЕТ И ПОДОТЧЁТНОСТЬ
Расходы бюджета — на согласованные с жителями первоочередные задачи; открытая информация о стоимости, подрядчике, сроках и результатах работ по значимым объектам.
Первые 100 дней: встречи во всех населённых пунктах округа, перечень первоочередных вопросов, первые депутатские запросы. Обязуюсь: личный приём не реже одного раза в месяц, ежеквартальная информация о ходе работы, открытый отчёт не реже двух раз в год.

Ваше мнение – важно для меня!
Ваше доверие – ответственность за результат!
Каждое решение – на благо родного края!

Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауын өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.
Оплачено из средств республиканского бюджета, выделенных на проведение выборов депутатов маслихатов всех уровней

ӘДІЛЕТ

Адамдар маңызды!

Құрметті сайлаушылар!

Менің аты-жөнім — Алпыспаев Ренат Мұхамеджанұлы. 1981 жылы 1 желтоқсанда Краснознаменское ауылында дүниеге келдім. 2002 жылы Астана қаласындағы Басқару институтының экономика факультетін бітірдім.

Еңбек жолымды 2002 жылы Егіндікөл ауданы бойынша Салық
комитетінде бастадым, онда 2009 жылға дейін жұмыс істедім. 2012 жылдан бастап «Егіндікөл-Финанс» несиелік серіктестігі» ЖШС басшысымын. Аудандық мәслихатта бюджет комиссиясын басқардым. Мен біздің ауданда туып-өстім, сондықтан ауыл тұрғындарының мәселелерін жақсы білемін. Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаты ретінде 7 жыл жұмыс істедім, көп іс тындырылды, бірақ сіздермен бірге алдымызда одан да көп істер тұр! Жинақтаған бар тәжірибемді ауылдың дамуына жұмсауға дайынмын! Алдағы сайлауда өз таңдауыңызды жасап, менің кандидатурамды қолдауға шақырамын. Сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңыз — ауданымыздың өзекті мәселелерін шешуге, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға және өңіріміздің дамуына бағытталған бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік. Конституциялық құқықтарыңызды пайдаланып, сайлауға келіп, ауылдарымыздың гүлденуі үшін дауыс беруді сұраймын!

Сіздердің дауыстарыңыз — ортақ болашағымызға қосқан үлестеріңіз! Бірге туған өлкенің дамуына үлес қосайық!

Сеніміңіздер үшін алғыс айтамын!
Сайлауға келіңіздер! Мен үшін дауыс беріңіздер!

Құрметпен, Ренат Алпыспаев

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Мені депутат етіп сайласаңыздар, мен мынадай міндеттерді іске асыруға ықпал етемін:

1.ИНФРАСТРУКТУРАНЫ ДАМЫТУ
Егіндікөл — Қоржынкөл — Бауман су құбыры, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету. Егіндікөл — Бауман автожолын жөндеу.

2. АУЫЛДЫ АБАТТАНДЫРУ
Абаттандыру және көгалдандыру. Қосымша қаржыландыру көздерін іздестіру.

3. ӘЛЕУМЕТТІК САЛА
Бауман ауылындағы мектепті жөндеу. Медицина пунктіне және мектепке кадрларды тарту, егде жастағы адамдарға көмек көрсету.

4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ
Ауылда кәсіпкерлікті дамыту. Ауыл шаруашылығы бағытын жеңілдетілген несиелендіру.

5. ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ЖАЙЛЫ ОРТА
Отбасылық құндылықтар және салауатты өмір салты. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік. Бірге — ауылды дамытамыз, әділ қоғам құрамыз!

Халық үшін — әділ шешімдер!

Бірге — дамыған ауыл, гүлденген өлке,

әділетті қоғам!



Егіндікөл аудандық
мәслихатының
депутаттығына
«ӘДІЛЕТ» партиясынан кандидат
АЛПЫСПАЕВ РЕНАТ МҰХАМЕДЖАНҰЛЫ
2026-2031 жылдарға
арналған
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
Сайлау округі № 1

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
на 2026-2031 годы
кандидата в депутаты
Егиндыкольского районного
маслихата
от партии «ӘДІЛЕТ»
АЛПЫСПАЕВА РЕНАТА МУХАМЕДЖАНОВИЧА
Избирательный округ № 1

Люди важны!

Уважаемые избиратели!

Меня зовут Алпыспаев Ренат Мухамеджанович. Родился 1 декабря 1981 года в селе Краснознаменское. В 2002 году окончил экономический факультет Института управления в городе Астана. Трудовую деятельность начал в 2002 году в Налоговом комитете по Егиндыкольскому району, где работал до 2009 года. С 2012 года — руководитель ТОО «Кредитное товарищество «Егиндыколь-Финанс». В районном маслихате возглавлял бюджетную комиссию.

Я родился и вырос в нашем районе, поэтому хорошо знаю проблемы сельских жителей. 7 лет был депутатом Егиндыкольского районного маслихата, многое сделано, но вместе с вами нам предстоит сделать ещё больше! Весь накопленный опыт готов направить на развитие села!

Призываю вас на предстоящих выборах сделать свой выбор и поддержать мою кандидатуру. Ваше доверие и поддержка — это возможность решать актуальные проблемы нашего района, повышать благосостояние жителей и реализовывать
инициативы, направленные на развитие нашего региона.

Прошу вас, воспользовавшись своими конституционными правами, прийти на выборы и проголосовать за процветание наших сёл! Ваши голоса — это ваш вклад в наше общее будущее!

Давайте вместе вносить свой вклад в развитие родного края!

Благодарю вас за доверие!
Приходите на выборы! Голосуйте за меня!

С уважением, Ренат Алпыспаев

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПРОГРАММЫ

Выбирайте меня депутатом, и я буду способствовать реализации следующих задач:

1.РАЗВИТИЕ ИНФРАСТРУКТУРЫ
Водопровод Егиндыколь — Коржинколь - Бауманское, обеспечение качественной питьевой водой. Ремонт автодороги Егиндыколь — Бауманское.

2. БЛАГОУСТРОЙСТВО СЕЛА
Благоустройство и озеленение. Поиск дополнительных источников финансирования.

3. СОЦИАЛЬНАЯ СФЕРА
Ремонт школы в селе Бауманское. Привлечение кадров в медицинский пункт и школу, помощь пожилым людям.

4. ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
Развитие предпринимательства на селе. Льготное кредитование сельскохозяйственного направления.

5. БЕЗОПАСНАЯ И КОМФОРТНАЯ СРЕДА
Семейные ценности и здоровый образ жизни. Нетерпимость к
коррупции.
Вместе — развиваем село и строим справедливое общество!

За народ — справедливые решения!

Вместе — развитое село, процветающий край,

справедливое общество!

Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауын өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.
Оплачено из средств республиканского бюджета, выделенных на проведение выборов депутатов маслихатов всех уровней

ӘДІЛЕТ

Ауыл дамуы үшін!

№ 2 сайлау округінің
құрметті тұрғындары!

Менің атым-жөнім Шекенов Ержан Жанатұлы. 1993 жылы 7 қыркүйекте дүниеге келдім, Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Қоржынкөл ауылында тұрамын. 2015 жылы ҚазГЮУ-ды «Қаржы» мамандығы бойынша бітірдім.

Ауыл шаруашылығында 2015 жылдан бері жұмыс істеймін. 2016 жылдан бері — «Ержан» шаруа қожалығының басшысы, 2023 жылдан бері — «ER Group» шаруа қожалығының басшысы. 2026 жылдан бастап «ER Agro Group» ЖШС (шамамен 20 адам) және «КМК Агрохолдинг» ЖШС (шамамен 60 адам) бас директорымын.

Грамоталармен марапатталғанмын.

Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаттығына ұсынылып отырмын. Менің жұмысым ауыл шаруашылығымен және ауыл өмірімен байланысты. Туған ауылымның өміріне қатысамын, ауылдық іс-шараларды өткізуді қолдаймын және тұрғындардың күнделікті мәселелерін шешуге көмектесемін. Ауылдың дамуына және жерлестердің әл-ауқатына назар аударамын.

Құрметпен, Ержан Шекенов

2026-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Мені депутат етіп сайласаңыздар, мен мына міндеттерді іске асыруға жәрдемдесемін:

1.ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ
Спиридоновка жолдарын жөндеуге және медициналық көмек қолжетімді болуы үшін фельдшерлік-акушерлік пункт салуға жәрдемдесу.

2. АУЫЛДЫ АБАТТАНДЫРУ
Көше жарығын орнату, көгалдандыру және қоғамдық аумақтарды жақсарту. Тұрғындардың абаттандыру жөніндегі бастамаларын қолдау.

3. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ
Мәдениет үйіне ғимарат сатып алуға және оны жайластыруға жәрдемдесу. Қарттарды, мүгедектігі бар адамдарды және мұқтаж отбасыларды қолдау.

4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ
Ауылдық кәсіпкерлік пен фермерлік шаруашылықтарды қолдау. Жұмыс орындарын құруға және тұрғындарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.

5. ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ЖАЙЛЫ ОРТА
Жол қозғалысының қауіпсіздігіне, жаяу жүргіншілер аймақтарын жайластыруға және қауіпті учаскелерді жоюға жәрдемдесу. Тазалық пен тәртіп мәселелері бойынша қызметтермен өзара іс-қимыл.
Мен әрдайым байланыстамын: телефон +7 771 001 00 71, эл. пошта TooKazAgroLuxe@gmail.com.

Тыңдаймын.
Талқылаймын. Шешемін.

Бірге — абаттанған ауыл,

қолжетімді медицина, жайлы өмір



Егіндікөл аудандық мәслихатының «ӘДІЛЕТ» партиясынан депутаттыққа кандидат
ШЕКЕНОВ ЕРЖАН ЖАНАТҰЛЫНЫҢ
2026-2031 жылдарға арналған
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
Сайлау округі № 2
Спиридоновка

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
на 2026-2031 годы
кандидата в депутаты
Егиндыкольского районного маслихата
от партии «ӘДІЛЕТ»
ШЕКЕНОВА
ЕРЖАНА ЖАНАТОВИЧА
Избирательный округ № 2
Спиридоновка

За развитие села!

Уважаемые жители
избирательного округа № 2!

Меня зовут Шекенов Ержан Жанатович. Я родился 7 сентября 1993 года, живу в селе Коржинколь Егиндыкольского района Акмолинской области. В 2015 году окончил КазГЮУ по специальности «Финансы».

В сельском хозяйстве работаю с 2015 года. С 2016 года — руководитель КХ «Ержан», с 2023 года — руководитель КХ «ER Group». С 2026 года — генеральный директор ТОО «ER Agro Group» (около 20 человек) и ТОО «КМК Агрохолдинг» (около 60 человек). Отмечен грамотами. Выдвигаюсь в депутаты Егиндыкольского районного маслихата. Моя работа связана с сельским хозяйством и жизнью села. Участвую в жизни родного села, поддерживаю проведение сельских мероприятий и помогаю в решении повседневных вопросов жителей. Уделяю внимание развитию села и благополучию земляков.

С уважением, Ержан Шекенов

КОНКРЕТНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА НА 2026-2031 ГОДЫ

Выбирайте меня депутатом, и я буду способствовать реализации следующих задач:

1.РАЗВИТИЕ ИНФРАСТРУКТУРЫ
Содействие ремонту дорог Спиридоновки и строительству фельдшерско-акушерского пункта для доступной медицинской помощи.

2. БЛАГОУСТРОЙСТВО СЕЛА
Освещение улиц, озеленение и улучшение общественных территорий. Поддержка инициатив жителей по благоустройству.

3. СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА И КУЛЬТУРА
Содействие приобретению и обустройству здания для Дома культуры. Поддержка пожилых людей, людей с инвалидностью и нуждающихся семей.

4. ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
Поддержка сельского предпринимательства и фермерских хозяйств. Содействие созданию рабочих мест и трудоустройству жителей.

5. БЕЗОПАСНАЯ И КОМФОРТНАЯ СРЕДА
Содействие безопасности дорожного движения, обустройству пешеходных зон и устранению опасных участков. Взаимодействие со службами по вопросам чистоты и порядка.
Я всегда на связи: телефон +7 771 001 00 71, эл. почта TooKazAgroLuxe@gmail.com.

Слышу. Обсуждаю. Решаю.

Вместе — обустроенное село,

доступная медицина,

комфортная жизнь!

Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауын өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.
Оплачено из средств республиканского бюджета, выделенных на проведение выборов депутатов маслихатов всех уровней

ӘДІЛЕТ

Адамдар маңызды!

Құрметті Алакөл округінің тұрғындары!
Менің аты-жөнім – Жусупов Данияр Ермұратұлы. Ауыл шаруашылығында жұмыс істеймін және Полтавка ауылының дамуына қатысамын. Үш жоғары білімім бар: заңгерлік – ҚазҰЗУ (КазГЮА); қаржылық – Көкшетау университеті; агрономиялық – С. Сейфуллин атындағы Аграрлық университет.
Үш жыл ішінде менің қатысуыммен және қаржылай қолдауыммен
Полтавка ауылының дамуына 200 млн теңгеден астам қаражат жұмсалды: көшелерді жарықтандыру және жыл бойы тазалау;
Мәдениет үйін жөндеу, кинотеатр мен үстел теннисі залын жабдықтау; мектепке, медицинаға, спорттық және шығармашылық ұжымдарға көмек; жалпы ауданы 200 м² жұмысшыларға арналған екі үй; аудандық полицияға қосылған 26 бейнекамера. Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаттығына ұсынылып отырмын. Менің басымдықтарым – жолдар, сенімді сумен жабдықтау,
қолжетімді медицина және ауылдарымыздағы жұмыс орындары.
Полтавканы дамыту тәжірибесін бүкіл округтің мүддесі үшін пайдалануды көздеймін. Кәсіпкерлер үшін тең жағдайды, салауатты бәсекелестікті, ашық рәсімдерді және заңды барлығының сақтауын жақтаймын.

Құрметпен, Данияр Жусупов

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Мені депутат етіп сайлаңыздар, мен мынадай міндеттердің іске асуына ықпал етемін:

1.ЖОЛДАР МЕН КӨЛІК
Округтің жолдарын жөндеу, соның ішінде Полтавка – Егіндікөл бағыты. Мердігерлердің сапасы мен кепілдігін бақылау, қысқы тазалау.

2. СУ ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЛАР
Сенімді сумен жабдықтау, ауыз судың сапасы, желілерді жөндеу.
Көшелерді жарықтандыру және коммуналдық қызметтерді қысқа дайындау.

3. МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК
Медициналық кадрлар, медпункттерді жарақтандыру, мамандардың шығуы. Мүгедектігі бар адамдар мен егде жастағы тұрғындарға қызметтердің қолжетімділігі, мамандарға арналған тұрғын үй.

4. БІЛІМ, СПОРТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ
Қауіпсіз мектептер, тамақтану және тасымалдау. Қолжетімді секциялар мен үйірмелер, клубтарды жабдықтау, балалардың байқаулар мен жарыстарға қатысуы, кәсіптік бағдар беру.
5. БИЗНЕС ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК
Фермерлікті, қайта өңдеуді және қызмет көрсетуді қолдау. Несиелер, субсидиялар мен гранттар бойынша кеңестер. Бизнеске арналған инфрақұрылым, тең жағдай және заңдылық.

6. ЖЕР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА
Ашық жер рәсімдері, жайылымдар мен шабындықтардың қолжетімділігі. Су айдындарын сақтау, қоқыс үйінділерін жою, су басудан қорғау. Негізделген суды үнемдеу жобалары.

7. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
«Цифрлы қауіпсіз ауыл» жобасы: қоғамдық орындарда жарықтандыру мен камералар, дербес деректерді қорғау. Ұялы байланыс пен интернет мәселелерін шешу.

8. АШЫҚ БЮДЖЕТ
Шығыс басымдықтарын тұрғындармен бірге айқындау. Құны, мердігерлер, мерзімдері және жұмыс нәтижелері туралы ашық ақпарат. Жобалардың орындалуын тұрғындардың қатысуымен талқылау. Жобаларды қаржыландыру негізделген, ал нәтижелері ашық болуы тиіс.

Халық үшін – әділ шешімдер!

Бірге – дамыған ауыл, гүлденген өлке,

әділетті қоғам!



Егіндікөл аудандық
мәслихатының
депутаттығына
«ӘДІЛЕТ» партиясынан кандидат
ЖУСУПОВ
ДАНИЯР ЕРМҰРАТҰЛЫ
2026-2031 жылдарға
арналған
САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ
Сайлау округі № 4

ПРЕДВЫБОРНАЯ
ПРОГРАММА
на 2026-2031 годы
кандидата в депутаты
Егиндыкольского
районного маслихата
от партии «ӘДІЛЕТ»
ЖУСУПОВА
ДАНИЯРА ЕРМУРАТОВИЧА
Алакольский округ № 2

Люди важны!

Уважаемые жители Алакольского округа!
Меня зовут Жусупов Данияр Ермуратович. Работаю в сельском хозяйстве и участвую в развитии села Полтавское. Имею три высших образования: юридическое — КазГЮА; финансовое — Кокшетауский университет; агрономическое — Аграрный университет имени С. Сейфуллина.
Более 200 млн тенге за три года направлено в развитие села Полтавское при моём участии и финансовой поддержке: освещение и круглогодичная очистка улиц; ремонт Дома культуры, оснащение кинотеатра и зала настольного тенниса; помощь школе, медицине, спортивным и творческим коллективам; два дома для работников общей площадью 200 м²; 26 видеокамер с подключением к районной полиции. Выдвигаюсь в депутаты Егиндыкольского районного маслихата. Мои приоритеты — дороги, надёжное водоснабжение, доступная медицина и рабочие места в наших сёлах. Опыт развития Полтавского намерен использовать для работы в интересах всего округа. Выступаю за равные условия для предпринимателей, здоровую конкуренцию, прозрачные процедуры и соблюдение закона всеми.

С уважением, Данияр Жусупов

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПРОГРАММЫ

Выбирайте меня депутатом, и я буду способствовать реализации следующих задач:

1.ДОРОГИ И ТРАНСПОРТ
Ремонт дорог округа, включая направление Полтавское — Егиндыколь. Контроль качества и гарантий подрядчиков, зимняя расчистка.

2. ВОДА И КОММУНАЛЬНЫЕ УСЛОВИЯ
Надёжное водоснабжение, качество питьевой воды, ремонт сетей. Освещение улиц и подготовка коммунальных служб к зиме.

3. МЕДИЦИНА И СОЦИАЛЬНАЯ ПОМОЩЬ
Медицинские кадры, оснащение медпунктов, выезды специалистов. Доступность услуг для людей с инвалидностью и пожилых жителей, жильё для специалистов.

4. ОБРАЗОВАНИЕ, СПОРТ И КУЛЬТУРА
Безопасные школы, питание и подвоз. Доступные секции и кружки, оснащение клубов, участие детей в конкурсах и соревнованиях, профориентация.

5. БИЗНЕС И ЗДОРОВАЯ КОНКУРЕНЦИЯ
Поддержка фермерства, переработки и услуг. Консультации по кредитам, субсидиям и грантам. Инфраструктура для бизнеса, равные условия и законность.

6. ЗЕМЛЯ И ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА
Прозрачные земельные процедуры, доступность пастбищ и сенокосов. Сохранение водоёмов, ликвидация свалок, защита от подтоплений. Обоснованные проекты водосбережения.

7. БЕЗОПАСНОСТЬ И СВЯЗЬ
Проект «Цифровое безопасное село»: освещение и камеры в общественных местах с защитой персональных данных. Решение проблем мобильной связи и интернета.

8. ОТКРЫТЫЙ БЮДЖЕТ
Приоритеты расходов — вместе с жителями. Открытая информация о стоимости, подрядчиках, сроках и результатах работ. Обсуждение исполнения проектов с участием жителей.
Финансирование проектов должно быть обоснованным, а результаты — открытыми.

за народ — справедливые решения!

Вместе — развитое село,

процветающий край,

справедливое общество!

Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауын өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.
Оплачено из средств республиканского бюджета, выделенных на проведение выборов депутатов маслихатов всех уровней

ӘДІЛЕТ

Денсаулығы мықты аудан — жайлы өмір — лайықты болашақ

Құрметті сайлаушылар!
Менің атым — Қияқбаева Әсемгүл Иманғалиқызы. Мен 1984 жылы 28 қазанда Ақмола облысы Зеренді ауданының Зеренді ауылында дүниеге келдім. «Әділет» партиясынан Егіндікөл аудандық мәслихатының № 9 бір мандатты сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидатпын. Мамандығым — дәрігер, денсаулық сақтау саласында 15 жылдан астам еңбек етіп келемін.
Еңбек жолымды қарапайым жалпы тәжірибелік дәрігерліктен бастап, Целиноград аудандық емханасында бас дәрігердің медициналық бөлім жөніндегі орынбасарына дейін көтерілдім. Қазіргі уақытта аудандық ауруханаңың басшысымын. 2026–2031 жылдарға арналған басымдықтарым: сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек, әрбір елді мекенде жайлы өмір сүру жағдайлары, білім беруді дамыту және жастарды қолдау, әлеуметтік қорғау және егде жастағыларға қамқорлық, жаңа жұмыс орындары және ауыл экономикасын дамыту, жолдар мен коммуналдық инфрақұрылым, халықпен ашық әрі жауапты жұмыс.

Құрметпен, Әсемгүл Қияқбаева

БАҒДАРЛАМАНЫҢ 2026-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Мен аудан тұрғындарының мүддесін білдіріп, өзекті мәселелерді шешуге ықпал етуге ұмтыламын. Мені депутат етіп сайласаңыздар, мынадай міндеттерді іске асыруға күш саламын:

1.ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
Аудандық ауруханаңың материалдық-техникалық базасын нығайту, медициналық жабдық пен санитарлық автокөлікті жаңарту, жас мамандарды тарту, алыс елді мекендердің тұрғындары үшін профилактиканы, телемедицинаны және көшпелі медициналық тексеруді дамыту.

2. АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
Жолдарды жөндеу және күтіп ұстау, көше жарығын жақсарту, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, аулалар мен көшелерді абаттандыру, балалар және спорт алаңдары, қоқысты уақытылы шығару, жылумен жабдықтауды және коммуналдық

3. БАЛАЛАР, ЖАСТАР ЖӘНЕ БІЛІМ
Мектептер мен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын жақсарту, үйірмелер мен спорт секцияларын дамыту, жастар және волонтерлік бастамаларды қолдау, жастарды жұмысқа орналастыру және жас мамандарды ауданда тұрақтандыру.

4. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ
Зейнеткерлер мен еңбек ардагерлерінің мүддесін қорғау, көпбалалы және әлеуметтік осал отбасыларды, ерекше қажеттілігі бар балалары бар отбасыларды қолдау, мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді көмек, үйде әлеуметтік көмек көрсету, кедергісіз орта.

5. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ
Ауыл шаруашылығын, шағын және орта бизнесті қолдау, жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары туралы хабардар ету, қайта өңдеуді, өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту және инвестиция тарту.

6. МӘДЕНИЕТ, СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ
Мәдениет мекемелерінің материалдық базасын нығайту, аудандық мәдени және спорттық іс-шаралар, барлық жастағы адамдар үшін бұқаралық спорт, ұлттық дәстүрлерді сақтау, барлық елді мекенде дене шынықтырумен айналысуға қолжетімді жағдайлар.

7. АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚПЕН ДИАЛОГ
Тұрғындармен тұрақты кездесулер, өтініштерді қабылдау, өзекті мәселелерді мәслихат отырыстарында көтеру, бюджетті қарауға қатысу, аудан дамыту бағдарламаларының орындалуын бақылау және тұрғындар алдында тұрақты есеп беру. Депутаттың жұмысы тұрғындармен тұрақты кері байланысқа негізделуі тиіс.

Сіздің пікіріңіз — мен үшін маңызды!

Сіздің сеніміңіз — нәтиже үшін жауапкершілік!

Әрбір шешім — туған өлке игілігі үшін!



САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМА
2026-2031 жылдарға арналған
Егіндікөл аудандық мәслихатының
депутаттығына кандидат
«ӘДІЛЕТ» партиясынан
ҚИЯҚБАЕВА
ӘСЕМГҮЛ ИМАНҒАЛИҚЫЗЫ
№ 3 сайлау округі

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
на 2026-2031 годы
кандидата в депутаты
Егиндыкольского районного
маслихата от партии «ӘДІЛЕТ»
КИЯКБАЕВОЙ
АСЕМГУЛЬ ИМАНГАЛИЕВНЫ
Избирательный округ № 9

Здоровый район — комфортная жизнь — достойное будущее

Уважаемые избиратели!
Меня зовут Киякбаева Асемгуль Имангалиевна. Я родилась 28 октября 1984 года в селе Зеренда Зерендинского района Акмолинской области. Я кандидат в депутаты Егиндыкольского районного маслихата по одномандатному избирательному округу № 9 от партии «Әділет». По профессии — врач, более 15 лет работаю в сфере здравоохранения. Свою трудовую деятельность начала с рядового врача общей практики и дослужилась до заместителя главного врача по медицинской части в Целиноградской районной поликлинике. В настоящее время являюсь руководителем районной больницы. Мои приоритеты на 2026–2031 годы: доступная и качественная медицинская помощь, комфортные условия жизни в каждом населённом пункте, развитие образования и поддержка молодёжи, социальная защита и забота о старшем поколении, новые рабочие места и развитие сельской экономики, дороги и коммунальная инфраструктура, открытая и ответственная работа с населением.

С уважением, Асемгуль Киякбаева

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПРОГРАММЫ НА 2026-2031 ГОДЫ

Я стремлюсь представлять интересы жителей района и содействовать решению актуальных вопросов. Выбирайте меня депутатом, и я буду добиваться реализации следующих задач:

1.ЗДРАВООХРАНЕНИЕ
Укрепление материально-технической базы районной больницы, обновление медицинского оборудования и санитарного автотранспорта, привлечение молодых специалистов, развитие профилактики, телемедицины и выездных осмотров для жителей отдалённых сёл.

2. БЛАГОУСТРОЙСТВО И ИНФРАСТРУКТУРА
Ремонт и содержание дорог, улучшение уличного освещения, качественное питьевое водоснабжение, благоустройство дворов и улиц, детские и спортивные площадки, вывоз мусора, улучшение теплоснабжения и коммунальной инфраструктуры.

3. ДЕТИ, МОЛОДЁЖЬ И ОБРАЗОВАНИЕ
Улучшение материально-технической базы школ и детских садов, развитие кружков и спортивных секций, поддержка молодёжных и волонтёрских инициатив, трудоустройство молодёжи и закрепление молодых специалистов в районе.

4. СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА
Защита интересов пенсионеров и ветеранов труда, поддержка многодетных и социально уязвимых семей, семей с детьми с особыми потребностями, доступная помощь людям с инвалидностью, социальная помощь на дому, безбарьерная среда.

5. СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО И ЗАНЯТОСТЬ
Поддержка сельского хозяйства и малого и среднего бизнеса, создание рабочих мест, информирование о госпрограммах поддержки предпринимательства, развитие переработки, самозанятости и привлечение инвестиций.

6. КУЛЬТУРА, СПОРТ И ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ
Укрепление материальной базы учреждений культуры, районные культурные и спортивные мероприятия, массовый спорт для всех возрастов, сохранение национальных традиций, доступные условия для занятий физкультурой во всех населённых пунктах.

7. ОТКРЫТОСТЬ И ДИАЛОГ С НАСЕЛЕНИЕМ
Регулярные встречи с жителями, приём обращений, актуальные вопросы — на заседаниях маслихата, участие в рассмотрении бюджета, контроль исполнения программ развития района и регулярная отчётность перед жителями.
Работа депутата должна быть основана на постоянной обратной связи с жителями.

Ваше мнение – важно для меня!

Ваше доверие – ответственность за результат!

Каждое решение – на благо родного края!

Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауын өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.
Оплачено из средств республиканского бюджета, выделенных на проведение выборов депутатов маслихатов всех уровней

Встреча акима области Марата Ахметжанова с населением района




Аким Акмолинской области Марат Ахметжанов встретился с жителями Егиндыкольского района. В ходе встречи были рассмотрены итоги социально-экономического развития территории, реализация инфраструктурных проектов, перспективы агропромышленного комплекса и вопросы повышения качества жизни населения. Открывая встречу, глава региона отметил, что страна вступает в новый этап развития, связанный с масштабными преобразованиями и реализацией программы общенационального строительства. По его словам, главная задача – преобразовать намеченные планы в конкретные результаты, которые будут ощутимы для каждого жителя.

Одним из перспективных инфраструктурных проектов для района станет строительство автомобильного коридора «Центр – Запад». Его общая протяженность по территории Акмолинской области составит 354 километра, из которых 121,3 километра пройдут через Егиндыкольский район. В настоящее время ведется корректировка проектной документации и работа по передаче дорог областного значения на баланс Комитета автомобильных дорог.

Глава региона также остановился на изменениях, произошедших в районном центре и сельских населенных пунктах. В селе Егиндыколь отремонтировано восемь улиц общей площадью 2 тысячи квадратных метров, установлены 32 опоры освещения и светофор, обустроен тротуар по улице Победы. Кроме того, впервые за 35 лет возобновлено автобусное сообщение между Егиндыколем и Спиридоновкой.

Продолжается благоустройство общественных пространств. В Спиридоновке обустроена пляжная зона, а в Егиндыколе ведутся работы по созданию современной зоны отдыха у воды. В Молодежном парке обновлена футбольная площадка и оборудована площадка для пляжного волейбола. Также проведен ремонт фасадов двух многоквартирных домов.





Отдельное внимание уделено вопросам теплоснабжения. В текущем году на модернизацию котельной села Егиндыколь из областного бюджета направлено 65 млн тенге. Вместо трех устаревших котлов установлены два новых, благодаря чему мощность объекта увеличена более чем в два раза – с 1,2 до 2,5 Гкал/час. Кроме того, отремонтировано и проложено 600 метров теплотрассы, что позволило подключить к центральному теплоснабжению здание колледжа и налоговой службы.

В жилищной сфере одним из значимых результатов стало завершение в прошлом году строительства девяти домов на 32 квартиры. Новое жилье получили 21 семья. В настоящее время остаются нераспределенными 11 квартир, вопрос их предоставления обсуждался с представителем областного филиала Отбасы банка.

Важную роль в развитии района играет и социальная ответственность бизнеса. При поддержке сельхозтоваропроизводителей проведен ремонт педиатрического отделения районной больницы. Кроме того, в селе Буревестник на спонсорские средства ведется строительство административного здания, где разместятся медицинский пункт и сельский акимат.

В ходе встречи также подвели итоги исполнения поручений, данных по результатам прошлогоднего общения с населением. Так, полностью решен вопрос кадрового обеспечения ФАПа в селе Бауманское, а автомобиль скорой помощи после ремонта вновь работает в штатном режиме. В селе Буревестник построена антенно-мачтовая конструкция, благодаря которой жители получили доступ к мобильной связи и интернету.

Значительная часть встречи была посвящена развитию агропромышленного комплекса. Несмотря на сложные погодные условия и засуху, аграрии района собрали более 292 тысяч тонн зерна при средней урожайности 10,5 центнера с гектара. При этом около 90% урожая соответствует пшенице третьего класса, а 70% относится к категории высокобелковой пшеницы Hi-Pro. Положительная динамика отмечается и в диверсификации посевных площадей. За последние три года площадь масличных культур увеличилась в пять раз – с 4,7 тысячи гектаров в 2023 году до 23 тысяч гектаров в текущем году. Валовой сбор составил 14,9 тысячи тонн.

Глава региона подчеркнул необходимость дальнейшего развития животноводства и привлечения инвестиций в переработку сельскохозяйственной продукции. Также отмечен потенциал Егиндыкольского района в развитии мясного животноводства. В рамках программы «Береке» хозяйство «Қоржынкөл-А» планирует приобрести более 500 голов крупного рогатого скота на сумму 1,1 млрд теңге. В настоящее время пакет документов направлен на рассмотрение.

Вместе с тем Марат Ахметжанов обратил внимание на необходимость активнее использовать меры государственной поддержки, развивать кооперацию фермерских хозяйств, увеличивать поголовье скота и создавать условия для переработки продукции непосредственно в регионе.

Отдельные поручения были даны районному акимату по развитию программы «Ауыл аманаты». В частности, необходимо провести анализ экономического потенциала каждого села, определить перспективные проекты, потребность в финансировании, ожидаемое количество рабочих мест и возможности сбыта продукции.

www.gov.kz

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет « Алтын астық «газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшых Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.